

Келісілді

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет әдіскері
Г.Қ.Нұрмағанбетова

« _____ » 2025ж



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
ММЗК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
_____ 2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Жұлдыз» ортаңғы тобы**

**2025-2026оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Балабақшадағы мәдени дәстүрлер»**

Бағдарламаны дайындаған:
Абдыкова А.Т.
Таухабаева И.М

Қандыағаш қаласы

**МКҚК «Күншуақ» бөбекжай -бақшасы» МКҚК
тәрбиешілері: Абдыкова А.Т, Таухабаева И.М**

**«Балабақшадағы мәдени дәстүрлер»
(вариативті компонент) атты бағдарламасына**

Пікір

Автор аталған еңбегінде мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбиеге бағыттаған, ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі уақытпен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыруды міндетке алған, әлеуметтік саласында көңіл бөле отырып, мектепке дейінгі ересектер тобына арнап «Балабақшадағы мәдени дәстүрлер» (вариативті компонент) жинағын құрастырған. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеуге негізделген.

Вариативтік компонентінің жүргізілу барысы мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық салт-дәстүрлермен таныстыру, балалардың ұйымдастырушылық дағдылары шыңдалады, ұстамдылығы іскерлігі дамиды .

Ойынды кеңінен қолдану, шығармашылық дағдыларды дамыту, ойын жаттығулар, ұсақ саусақ бұлшық еттерін дамыту, балаларды сандық, реттік дағдыларын есте сақтау қабілеттерін дамыту, заттың айырмашылығы мен мәдени мәнін түсіну, тәрбиелік қабілеттерін қалыптастыру.

«Балабақшадағы мәдени дәстүрлер» (вариативті компонент) атты бағдарламасы ересектер тобының балаларына сай құрсатырылған.

КІРІСПЕ

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде?

1. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.
2. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады.
3. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау.
4. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған іс-әрекетінде тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет

Тақырыптың өзектілігі : Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбиелі- адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінінің ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай балабақшадағы тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді.

Мақсаты: Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру, оның бір мысалы ретінде ауыз әдебиеті үлгілерін, қазақ халқының салт-дәстүрлерін тиімді пайдалану, халықтық педагогика тағылымдарын ұштастырудың тиімді жолдарын зерделеу.

Міндеттері: Халық педагогикасы арқылы ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, балаларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, ыждағаттылық сезімге баулу.

Күтілетін нәтиже:

“Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы” дегендей атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп: “шыншыл, әділетті, иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз”,

Жұмбақтар, Мақал-мәтелдер, Халық ауыз әдебиет үлгілері, Жаңылтпаштар, Ертегілер, Нақыл сөздер

Жұмбақтар-баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштастыруға көп әсер етеді.

Жаңылтпаштар -халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыста, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр-жанылтпаш. Балалар жанылтпаш арқылы сөздерді дұрыс айтуға, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс сөйлеуге үйренеді.

Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз.

Олар- келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” .

Ойын – өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Баланың дене күші артады.

Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі орны; Қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі *қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып*, жетіле түседі .

Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары шындалады, ұстамдылығы іскерлігі дамиды . Жан-жақты дамыған денсаулығы мықты дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден –ақ халық дәстүрі . Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық салт-дәстүрлермен таныстырудың тиімді жолдары

Дәстүр- бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ұсынып отырушы: *Ол тұтастай алғанда, жас ұрпақ үшін ғана адам өмірін рухани адамгершілігінің қуат қайнар көзі.*

Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесінің қалыптасуына, рухани-мақсатына негіз болатын мүмкіндіктері мол. Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбиені қалыптастыру барысындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің нәтижелілігі, ерекшеліктері

Жас ұрпақты, жеткіншектеріміз бен бөбектерімізге ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіру- әр ата- ана мен қатар, тәрбиешілердің міндеті. Бұл мақалада сіздер ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, бөбекжайдағы бүлдіршіндерімізді тәрбиелеуге аранлған ақпараттармен таныса аласыздар.

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыру. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім

қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Біз өзіміз, яғни тәрбиешілер қауымы қазақ халқының ұлттық салт –дәстүрін толық білеміз бе? Осы төңіректе біз ойланып көрейікші. Халқымыздың әдет ғұрыпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты –білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі –бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Қорытынды

«Халық айтса қалт айтпайды» демекші тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүріміздің, тілімізді, дінімізді кадрлеуді балаға сәби кезінен қалыптастыру.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына:

- Бағдарлама;
- күнтізбелік жоспар 36сағатқа бағытталған;
- ұйымдастырылған іс-әрекетінің ойын карталары;
- қосымша материал: Түрлі ойындар сөзжұмбақтар, жұмбақтар, санамақтар.

Бағдарламаның мақсаты:

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдылары ұлттық мәдени тәрбиені меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

ақыл-ой әрекетінің дамуын, саналы ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.; талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру; зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.

Дамытушылығы: Тәрбиелік мәні бар мәдени ойлау жұмыстарын жүргізуде оқытудың негізгі формаларын бақылау, қызықтау, ойлау, жылдам жауап беруге ықпал ету, бір -бірімен ойласып орындай білуге дамыту, ұлттық нышандар мен ұлттық құндылықты, мәдениетті құрметтеу.

Нәтижесінде:

Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге, ұлттық тәрбие мен мәдениетін түсініп өскен тәрбиеленушілер; Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға, заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын артады, отбасылық құндылықтар мен туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі қалыптасады..

Балабақшадағы мәдени дәстүрлер вариативтік компонентің күнтізбелік жоспары:

Жоба: қысқа мерзімді, топтық.

Жобаның түрі: мәдени тәрбиелік дағдылары

Жобаға қатысушылар: № 11 «Жұлдыз» ортаңғы тобының балалары.

Жобаның өткізілу мерзімі: 2025-2026 оқу жылы

Қолданылатын материалдар: Кітап, ақпараттық технологиялар, ұлттық құндылықты дәріптейтін материалдар, ойындар картатекалары.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасына сай әлеуметтік тәрбиеге бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ә.Н.Назарбаев «Қазақстан 2050» халыққа Жолдауы.
- Р. Төлеубекова «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» А-1994ж.
- А.Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу», Алматы, Мектеп 1987ж.
- «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев. Алматы 1994ж
- Бала мен балабақша журналы, №3,8 2010ж, №1,5 2011ж
- Отбасы және балабақша журналы, №9,12 2010ж, №3 2010ж
- Қапенова А.Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі тәрбие.-Алматы, 2014ж.
- Б. Баймұратова «Отбасындағы баланы мектепке дайындау».-Алматы:Шартарап-2000ж

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру бағдарламасы

№	Тәрбиелеу мен білім берудің тақырыбы	Тәрбиелеу мен білім берудің мазмұны	Уақыты мен мерзімі
1	«Салт-дәстүр, әдет-ғұрып»	Балаларға халықтық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын құрметтеу мен балалау және танысу	1
2	«Шешендік сөздер»	Шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің қойылымдарын жасап, оларды сахналаудың жеке тұлғаның қалыптасуына әсері мен ықпалы, тәрбиелік мәні ерекше. Шешендік көркем сөздер мен мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді. Адамгершілікке, сұлулыққа, тапқырлыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1
3	«Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа өнеге»	Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуында, оны жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі – өнеге болатын ұлы ғұламалармен хандар, билер, батырлар, классик ақын-жазушылар, ағартушылар, өнер адамдарының өмірімен таныстыру және олардың жасаған туындыларын таныстырып, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін ояту.	1
4	«Әуен-саз»	Музыкалық шығармалардың авторы және айтыс, терме, жыр, күй, ұлттық би өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру. Айтыс, терме, жырларды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <i>«Қамажай»</i>	1
5	«Ұлттық оюлар»	Ою-өрнектермен танысу, оюлардың әсемдігін сезіну; оюларды атау; ұлттық оюларды ұлттық бұйымдар арасынан таба білу. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.	1
6	«Ұлттық сәндік – қолтаңбалы өнер»	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлері: зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер, киіз үй жабдықтары ен оның жасау-жиһаздары мен олардың өрнектеген ою-өрнек түрлерін таныстыру. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.	1
7	«Ұлттық тағамдар»	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тағам түрлері мен оның жасалу жолдарын таныстыру. Ұлттық тағам түрлері, еттен, ұннан, сүттен жасалатыны туралы түсінік беру.	1
8	«Табиғат тынысы»	Туған жердің байлығы орман, тоғай, қорықтар және оны мекен ететін жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру, оларға қамқор бола білуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1
9	«Өз қаламның табиғаты»	Туған қаланың табиғатын тамашалау, қаланың, көшенің тазалығына ат салысу, үлкендерге көмек қолын соза білу, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1
10	«Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындарды үйрету барысында баланың тілін дамыту, бір-біріне деген достық, ынтымақ қасиеттерді дамыту және батылдыққа, ұқыптылыққа, зеректілікке, төзімділікке тәрбиелеу. Ұлттық ойын: <i>«Ханталапай»</i>	1
11	«Имандылық-ірімдері»	Туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен жеті ата туралы түсінік беру. Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап, жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, әдептілік сақтау, достық қарым-қатынас мәдениеттерін қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу, жағымсыз жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.	1
12	«Туыстық қарым-қатынас»	Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен»,	1

		«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	
13	«Ұлттық қол өнер»	Ашық киіз үй макетімен және оның жабдықтарымен, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен жабдықтау. Сондай-ақ қазақ халқының ұлттық ойындарын («асық», «бес тас» және басқалар) танысу.	1
14	«Әке мен бала» әңгімесі	Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен салт-дәстүрлерімен таныстыру, Отанның тарихы мен мәдениетіне баулу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру.	1
15	«Мен»	Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.	1
16	«Отбасы»	ойындар арқылы балалардың қоршаған әлемді тану қабілеті мен күнделікті әрекетін ұйымдастыру. Ойын түрлері: дидактикалық, қимылды, музыкалық, театрландырылған, сюжетті-рөлдік, драма ойындары және т.б.	1
17	«Асық ойыны»	Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату) және т.б.	1
18	«Тақия тастамақ»	Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.	1
19	«Түйілген орамал»	Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер	1
20	«Киіз үй»	Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.	1
21	«Жайлауда»	Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын	1

		таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	
22	«Оюлы кілемше»	қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады; қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;	1
23	«Отанымыз – Қазақстан Республикасы»	Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
24	«Қауіпсіздік менің болашағым»	Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.	1
25	«Бейтаныс адам»	Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту,кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.	1
26	«Сыпайы балдырған»	Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.	1
27	«Ұлттық бұйымдар»	Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр,	1
28	«Еңбекқор бала»	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәнніңтүрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.	1
29	«Ұлттық әуендер»	Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының,	1

		Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.	
30	«Ұлттық аспаптар»	Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.	1
31	«Мерекелерім мақтанышым!»	Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.	1
32	«Қазақтың батырлары»	Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.	1
33	«Ұлттық бұйымдар»	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.	1
34	«Оюларым сәндігімнің белгісі»	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.	1
35	«Шаңырақ»	Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен,	1

		шалғы, айыр,	
36	«Қазақ халқының салт-дәстүрлері»	Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.	1